



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

Пырансоздың "la station" деген сөзін түрік "стацион" деп, орыс "станция" деп, қазақ "ыстанса" деп алып отыр» (ТМ 2006: 75) дейді.

Қорытынды

Сонымен біз жыр бойындағы кірме сөздер жайын сипаттай келе, жалпы тіліміздегі кірме сөздердің фонетикалық игерілуін, кірме сөздер негізіндегі басы артық таңбалар жайын, кірме сөз емлесін және қай тілдерден сөз қабылдау мәселесін ғалымдардың көзқарасы негізінде талдап өттік. Онан түйгеніміз тіліміз өз тарихында өз заңдылығымен ғана өмір сүріп келді және солай өмір сүруі тиіс. Соның негізінде өз қорытындымызды жасасaq:

Кірме сөз түбірі тіліміздің өз заңдылығымен фонетикалық игерілуі тиіс.

Латын әліпбиіне көшуде бір дыбысқа бір таңба ұстанымын сақтап қазіргі басы артық таңбалардан арылу керек.

Кірме сөз емлесі фонетикалық принципке негізделуі керек.

Кірме сөздер аралық тілсіз туыстас тілден және қайнар көз болып табылушы тілдің өзінен нормаланып алынуы тиімді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аймауытов Ж. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», - 2013. Т.6: - 384 б.
2. Аханов К. Тіл білімінің негіздері. – Алматы: «Санат», 1993. – 496 б.
3. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі», 1992, - 448 б.
4. Древнетюркский словарь. – Ленинград: «Наука», 1969. – 676 б.
5. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: «Сардар», 2014. – Т.2: - 512 б.
6. Рүстемов Л.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.
7. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік: - Алматы: Сөздік-Словарь, 1998. – 304 б.
8. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. Т.3: - 352 б.
9. Терминология мәселелері.1-кітап. Астана: «ІС-с-Сервис», 2006. – 288 б.

ӘОЖ 811.111:512.112. 398.80

КІНДІГІ ТУҒАН ЖЕРМЕН ҮНДЕС АҚЫН

Шарапиев Асқарбек Маратұлы

Askarbek98@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Сәулет-құрылыс факультеті геодезия және картография мамандығының 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Р. Найманбай

Қазақ халқы батырлар мен ақындарға кенде емес. Ел нақылында «Батырды ел білегімен, ақынды жүрегімен туады» деген кереметтей сөз де бар. Қаншама жақсылар мен жайсаңдарды жүрегімен де, тілегімен де өмірге әкелген менің туған жерім – Жайық топырағы қасиетті де қастерлі. Батыры найзамен шаншып ет жеген, баласы қамшымен қасқыр алған жұртымыздың құт дарыған тәрбие төрінде әдебиетке зор үлес қосқан ақын-жазушылардың да қарасы көп.

Әдебиеттану ғылымында сондай өзіндік орны бар зерттеуші, сыншы, ақын Сағынғали Сейітов осы шоғырдағы мақтаулылардың бірі болып саналады. Оның түрлі тақырыпта жазған өлеңдері поэзияға әкелген мол байлық болды. Ол көптеген жыр жинақтарымен қазақ поэзиясының қоржынын толтырды. Ақынның қаузап кеткен басқа да тақырыптарына қарағанда туған жер, Отанға деген сүйіспеншілігі өлеңдерінен анық көрініс табады. Жастайынан қаламды серік еткен ақын өлең әлеміне ерекше құлшыныспен келеді.

Ақынның:

Он тоғыз жасымнан-ақ қатардамын,
«Комсомол ақыны» боп атанғанмын.
«ҚазПИ»-де оқып жерген шағымнан-ақ

Сәбит пен Тайырлардан бата алғанмын..., – деген «Автордан аз ғана аңғарту» өлеңінен-ақ қазақтың алыптарының батасын алып, өлең дариясына сапарға шыққандығын аңғарамыз.

Ақынның туған елге деген шексіз махаббаты көптеген жырларында өрнектелген.

Боз таңда туа салған егізіңнің

Белгілі бір сыңары, өз ұлыңмын

Сайрайын саяндағы сандуғаш боп,

Тілімді тілмашы етіп сезімімнің, – деген шумағынан елім деп жұртына адал перзенттің шынайы сезімін көреміз.

Сағынғали Сейітовтың поэзиядағы орны салмақты. Кейде төкпелетіп, кейде әдемі әсерге бөлеп отырып, жазған өлеңдерінің көркемдігі тиянақты зерттеуді қажет етеді. Жырдың техникасына келер болсақ, ақын өлеңінің түрлерін толық меңгергендігі тайға таңба басқандай анық көрініп тұр. Талант иесі ұйқас, буын, ырғақ заңдылықтарын қатаң сақтай отырып, тың дүниелер туғызған.

Қазақ әдебиеттануындағы өлеңнің қисыны туралы академик З. Ахметов: «Ақын – поэзиялық туындыларды: өлең, жыр-дастан, поэмаларды ауызша айтып не жазып шығаратын өнер иесі, халықтық көркемдік дәстүрлерін қалыптастырып, жалғастыратын сөз шебері», – деген пікір білдірген болатын [1, 25].

Бірде ақын: Жиырмадан жаңа асқан жас жігітпін,

Мұз еріттім, деміммен, тас жібіттім.

Жетпей жатып жеңіске, бел шешпеймін,

Жетегіне ермеймін басқа үміттің, – деп «Отан мені шақырады» өлеңінде өзін-өзі қайрай түседі.

Қара өлең ұйқасымен жазылған бұл шумақтан ешқандай кем-кетік таба алмайсыз. Балталасаң да бұзылмайтын шымыр, тас ұйқастар. Өлеңде ұйқастың рөлі ерекше. Ақын мұнымен көпке үлгі бола алады. «Желтоқсанның жебесі» Жұбан мен сыршыл ақын Сағат Әбдуғалиевтің өлеңдерінен де ұйқастың мықтылығын көреміз. Бұл бір өңірдің ақындық мектебі, ақын табиғатының ұқсастығы болып табылады.

«Қорғадым қазақ жерінде» атты өлеңінде майдангер ақынның тұтас елге деген перзенттік парызын түйсінеміз:

Сұрапылда қазақтың,

Орманын да қорғадым.

Ескерткіштей ежелгі,

Қорғанын да қорғадым.

...Орал менен Қостанай,

Қырларын да қорғадым.

Абай менен Махамбет,

Жырларын да қорғадым, – дейді.

«Соғысқа кіргенде, өлемін деп емес, жеңемін деп кірген» батыр ақынның жүрек жарды жыры осындай болған. Қазақ даласының кеңдігі, бозаңда өскен боз жусан, оттан да ыстық Отанының ақынға сұрапыл кезеңде рух бергені мәлім. Оқ пен оттың ортасында жүріп, туған жер тыныштығын ойлаған С.Сейітовтың өзегін өртеген өлеңі елімен, жерімен өзектес.

Ақынның «Қаратөбе», «Өлеңті», «Сайқұдық» атты өлеңдерінен кіндік қаны тамған жеріне деген сүйіспеншілігі сезіледі. Дүниенің қай қиырында жүрсе де туған өлкесін бір естен шығармайды.

Несіне майпаздайын, майдалайын,

Тартынып айтарымнан тайғанайын.

Дүниеде сенен қымбат не бар екен,

Туған жер топырағыңнан айналайын! – деп «Қаратөбе» өлеңінде туған жердің бір уыс топырағын дүниенің еш байлығына тегермейді.

Ал «Өлеңті» өлеңінде:

...Сүйетінім сенің сол мырзалығың,

Сәулеттенген өңірің ырза бүгін.

Қарыздармын, Өлеңтім өлеңіме,

Айналып кеп табатын бір қазығым, – деп сенімді түрде жырлаған ақын өлең қазығына айналған өзенді өзгеше өрнектейді.

Сағынғали Сейітовтың жыр-шумақтарынан оның желмен ойнап жарысып, сағым қуған шақтарын, ауылға деген сағынышын байқаймыз. Білім алып, алғаш өлеңдері газет бетіне басылған, бозбала шағы өткен Ақжайықтың астанасы қарт Оралды да қаламына іліктірген.

...Жерің бар ма мен аралап кезбеген,

Кезім бар ма тынысымды сезбеген.

Сүйем сені жүрегімен ғашықтың,

Бірақ сені қызғанбаймын өзгеден..., – деген шумағы Орал қаласын «ғашықтың жүрегімен сүйетіндігін» әсерлі жеткізген. Қазіргі көп жас ақындар жазып жүрген «жылаңқы» өлеңдеріне үлгі боларлықтай.

Осы өлеңде: ...Орал оты самаладай самсаған,

Лаулай жанып, жалындайды жан соған.

Қиыр да қасындамын, Оралым,

Кіндігімнен байланғанмын мен саған!, – деп ағынан жарылады. Туған жермен кіндіктес ақын ел-анасынан ажырағысы келмейді. Мұндай өміршең шумақтар жас ұрпақты елжандылыққа, туған жерін сүюге тәрбиелеп, үлкен ой салады.

Жайықта туған екенсің –

Жайыққа тартып жайсаң бол!

Жайықта туған екенсің –

Жайыққа тартып қайсар бол!

Жайықта туған екенсің –

Жайыққа тартып даңғыл бол!

Жайықта туған екенсің –

Жайыққа тартып алғыр бол!...– деп жырлаған өлеңін оқығанда тіпті арқаланып кетесіз. Бұл жерде ақын айтар ойын қайталау арқылы жеткізіп тұр. Бірыңғай дауыссыз «Ж» әріпінен бастап, яғни аллитерацияны пайдаланып, әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түскен. Оқырманға жігер, рух сыйлайтын бұл шұрайлы шумақтары Жайықта туғандардың мойнында тұрған перзенттік парызын еске салғандай.

...Анкетада мәліметтің бәрі бар,

Суретімнен сыртым ғана танылар.

Анкетада айтылмаған сырларым,

Іздесендер жырларымнан табылар, – деген ақынның сұлу да сыршыл өлеңдерін оқыған үстіне оқи бергің келеді. «Айтылмаған сырларын, жырларынан іздеп» отырып, С.Сейітовтың туған мекеніне деген зор құрметіне тағы бір көз жеткізесіз.

Мысалы, «Алтын бесік» өлеңінде:

Ел іші алтын бесік, тербелейін,

Шығайын шыңдарыңа өрмелейін.

Халқының құрметіне құлдық ұрып,

Басымды жеткізейін жерге дейін...

...Құрысын елсіз менің көрген күнім,

Құрысын елсіз менің терген гүлім.

Құрысын онсыз менің еленгенім,

Құрысын онсыз даңққа бөленгенім, – десе

«Ақ Жайық» жырында:

Ақ Жайық, ардақ Жайық, арман Жайық,

Ақ Жайық, тарих Жайық, тарлан Жайық,

Ақ Жайық, баба Жайық, ана Жайық

Аялар ақ құшағын алдан жайып... – деп тебіренеді. Алғашқысында туған Отанынсыз ешкім емес екенін әйгілейді. Екінші өлеңінде қос құрлықты жарып аққан, Батыс өңірінің қантамыры, ақжал толқын атқан – ару Ақжайықты жырлайды. Осы төрт жол өлеңге Жайық жағасында орын алған оқиғалар, тарих түгел сыйып кеткендей.

Жоғарыда келтірген жыр шумақтары теңіздің тамышысы ғана. Ақын әр түрлі тақырыпта өндіріп жаза білді. Дәуірмен бірге жасасқан дара тұлға дархан қазақтың жайдары мінезін, сол кездегі саясатты, соғыс тақырыбын жеткізіп жырлады.

Сағынғали Сейітовтың туған жер, Отан тақырыбындағы өлеңдері құнын еш жоймайтын асыл қазына іспетті. Әсіресе, ұрпақ тәрбиесіне таптырмас дүниелер. Оның елге, Отанға деген махаббатын сұрапыл соғыс оятқан болса, өлеңге деген құлшынысын ата-тұрағы, тарихқа бай туған жерінің сұлу табиғаты арттырғанын анық байқаймыз.

...Өткен емес өзіңсіз сағатым да,

Сенсің менің қағатын қанатым да.

Сенің арқаң, Отаным, алшаң басып,

Ардақталсам азамат санатын да... – деген шумағынан-ақ елін, жерін шынайы сүйген ақынның бет-бейнесін көреміз. Ғасырға жуық еңбектерін, әдебиет әлеміне сүбелі үлес қосқан жан-жақты тұлға – Сағынғали Сейітов атамыздың 100 жылдық мерейтойының құрметіне туған елінің қаламгерді іздеуі, насихаттауы заңдылық деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі / Құраст. З. Ахметов, Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1996.
2. Сейітов С. Алуан – алуан: Өлеңдер. – Алматы: Жазушы, 1976.
3. Сейітов С. Жаңғырық: Таңдамалы. – Алматы: Жазушы, 1985.
4. Қазақ әдебиеті: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Санат, 2005.

ӘОЖ. 82(091)

Ж.Қ.СМАҒҰЛОВ - ӘДЕБИЕТТАНУШЫ

Шоқанқызы Әзиза, Қарабаева Айгерім

kameli96@mail.ru

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың 3 курс студенттері

Ғылыми жетекшісі - Б.Е.Сыздықова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының (МАИН) академигі, әдебиеттанушы ғалым, сыншы – Смағұлов Жандос Қожахметұлы халқымыздың ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа жеткізген сөз өнерінің асыл қазынасын, мұрасын, сонымен қатар ұлттық ғылыми-зерттеушілік, әдеби-теориялық ой-пікірдің қалыптасу жолындағы ізденістер мен іркілістерді ғылыми тұрғыда саралады.

Профессор Ж.Смағұловтың зерттеу нысанының басты бағыты – ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы мен әдіснамасының мәселелері. Қазақ халқының сыншылдық-эстетикалық, әдеби-теориялық, әдеби-тарихи көзқарастардан құралатын ұлттық ғылыми-зерттеушілік ой-пікірінің туып-қалыптасу жолдарын ғылыми таразылады. 1993 жылы «Қазақ әдебиеті» мамандығы бойынша «Қазақтың әдеби мұрасын игеру проблемалары» деген тақырып бойынша кандидаттық, 2009 жылы «Қазақ әдебиеттану ғылымының туу және қалыптасу жолдары» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ж.Смағұлов – 4 монография, 5 оқулық пен оқу құралы және бірнеше оқу- әдістемелік құралдардың, 200-ден астам ғылыми және сын мақалалардың авторы.

Атап айтқанда «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» (1999), «Ұлттық әдебиеттану